



БҰЙРЫҚ

25.06.2025

Шымкент қаласы

ПРИКАЗ

№ *254 н/р*

город Шымкент

**Сыбайлас жемқорлық
тәуекелдеріне ішкі талдау
жүргізу туралы**

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңының 8-бабы 5-тармағына және «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізетін жұмысшы топ құрамы осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. Осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кестесі бекітілсін.
3. Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық балалар ауруханасы» Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорны) 2025 жылға арналған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу іс-шара жоспарына сәйкес, Кәсіпорны жұмысына ішкі талдау жүргізілсін.
4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бекітілген үлгілік қағидаға сәйкес қамтылсын.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өз құзырымда қалдырамын.

Басшы



А.Досанова

000664

Түркістан облысы денсаулық
сақтау басқармасының «Облыстық
балалар ауруханасы»
Шаруашылық жүргізу
құқығындағы мемлекеттік
коммуналдық кәсіпорны *басшысы*
А.М. Досанованың
«25» 06 2025 жылғы
№ 259 и/а бұйрығына
№1-қосымша

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізетін жұмысшы
топ құрамы**

№	Аты-жөні	Лауазымдық міндеті
1	Сарыбай С.М.	Басшы орынбасары
2	Жалимбетова Н.А.	Ұйымдастыру әдістемелік бөлімінің меңгерушісі
3	Ибадуллаева Р.Т.	Жоспарлау бөлімінің меңгерушісі
4	Байтөре Ғ.П.	Кәсіподақ ұйымының төрағасы, жарақат бөлімінің травматолог дәрігері
5	Қарабатыров Ш.М.	Заңгер

Түркістан облысы денсаулық
сақтау басқармасының «Облыстық
балалар ауруханасы»
Шаруашылық жүргізу
құқығындағы мемлекеттік
коммуналдық кәсіпорны *басшысы*
А.М. Досанованың
«25» 06 2025 жылғы
№ 254 н/к бұйрығына
№2-қосымша

**«Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл»
төртінші базалық бағыттың (УББ-4, ТБН-4) жобаларын орындау
шеңберінде Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық
балалар ауруханасы» Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік
коммуналдық кәсіпорны **сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау
жүргізу**
КЕСТЕСІ**

№	Мекеме атауы	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау кезеңі	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін қамту кезеңі	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою кезеңі
1.	Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық балалар ауруханасы» Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	02.07.2025 – 13.08.2025	2024 – 13.08.2025	11.09.2025 – 11.12.2025